



БҰЙРЫҚ

2018 ж. 19.06.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 221

гор.д. Астана

«Мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 199 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
	НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ
20	18 ж. 03. 07
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № <u>17149</u>	
болып тіркелді	

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 199 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10161 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Статистика комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат

орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты жұмыста басшылыққа алу үшін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік екі күн ішінде «Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жеткізуді;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде бұйрықтың осы тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі**



Т. Сүлейменов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің
2018 жылғы «19» маусымдағы
№ 221
бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің міндетін
атқарушының 2014 жылғы 31
желтоқсандағы
№ 199 бұйрығымен
бекітілген

**Мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі
өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін
қызметтердің) бағалары**

№	Көрсетілетін қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	ҚҚС-ны қоспағандағы баға, теңге*	
			Орталық аппарат, Алматы қаласындағы «АЕО» РМК-ның ¹ филиалы	«АЕО» РМК-ның 14 облыстағы және Астана, Алматы қалаларындағы филиалдары ²
1	2	3	4	5
1	Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар және ұлттық санақтар кезінде алынған, аумақтық статистика органдары мен респонденттер ұсынған алғашқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу және оларды электрондық түрде сақтау	адам/сағат	1 256	628


	адам/сағат		
2	Ақпараттық-статистикалық жүйелерді, дерекқорларды және олардың тұғырнамаларын, статистика тіркелімдерін, уәкілетті органның интернет-ресурсын қалыптастыру және өзектілендіру ³	3 564	-
3	Уәкілетті органның ақпараттық-статистикалық жүйелерін, статистика тіркелімдерін сүйемелдеу ³	3 254	-
4	Уәкілетті органның дерекқорларын және ақпараттық-статистикалық жүйелерінің тұғырнамаларын, интернет-ресурсын сүйемелдеу және өзектілендіру	3 348	687
5	Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты қалыптастыру	1 211	

*Ескертпе:

¹«Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – «АЕО» РМК).

²«АЕО» РМК Орталық аппараты, Алматы қаласындағы «АЕО» РМК-ның филиалы және 14 облыс, Астана, Алматы қалалары бойынша «АЕО» РМК-ның филиалдары көрсететін қызметтердің бағаларын бөлу көрсетілетін қызметтердің көлеміне, сипатына және мазмұнына байланысты.

³«Ақпараттық-статистикалық жүйелерді, дерекқорларды және олардың тұғырнамаларын, статистика тіркелімдерін, уәкілетті органның интернет-ресурсын қалыптастыру және өзектілендіру» және «Уәкілетті



органның ақпараттық-статистикалық жүйелерін, статистика тіркелімдерін сүйемелдеу» қызметтерін Орталық аппарат және Алматы қаласындағы «АЕО» РМК-ның филиалы көрсетеді.

